



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

04.11.2025 ж.

№ 7, 2-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағында кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін оқыту жөніндегі тұжырымдама аясында «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы қалалық ұйымы» ҚБ кәсіподақ активін оқытудың тиімділігін арттыру жұмысы туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Орталық комитеті аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас маманы И.Б. Сақауованың «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағында кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін оқыту жөніндегі тұжырымдама аясында «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы қалалық ұйымы» ҚБ кәсіподақ активін оқытудың тиімділігін арттыру жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Кәсіподақтың Атқару комитеті келесіні **атап өтеді:**

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Алматы қалалық ұйымы» ҚБ кәсіподақтық оқытудың тиімділігін арттыру бойынша белгілі бір жұмыстарды жүргізуде.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Алматы қалалық ұйымы» ҚБ 15 бастауыш кәсіподақ ұйымынан тұрады және олар 1732 адамды біріктіреді (*2025 жылғы 01.01 жағдайы бойынша*).

Тұрақты жұмыс істейтін Кәсіподақ активі мектебі құрылған және белсенді жұмыс істеуде.

Жыл сайын кәсіподақ кадрларын даярлауға және кәсіподақ активін оқытуға қаржылай қаражат бөлінеді. 2023-2025 жылдарға арналған кәсіподақтық оқыту бағдарламасы бар.

Ай сайын бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен семинар-кеңес, еңбек ұжымдарында көшпелі оқыту іс-шаралары өткізіледі. Оның

қорытындысы бойынша кері байланыс үшін сауалнама жүргізіледі. Қатысушылардың сауалнамалары бағдарламаны түзету мақсатында талданады.

Кәсіподақтағы кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру бойынша 2024-2025 жылдарға арналған ұсыныстар барлық бастауыш ұйымдарға жеткізілді.

Кәсіподақтық оқыту әлеуметтік желілерде жария етіледі.

Оқытудың негізгі формалары тақырыптық семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, тәжірибе алмасу болып табылады.

2024 жылы 27 оқыту іс-шарасы өткізілді, оған 497 адам қатысты.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 24 оқыту іс-шарасы өткізілді, оған 412 адам қатысты.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағында кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін оқыту жөніндегі тұжырымдама аясында «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы қалалық ұйымы» ҚБ кәсіподақ активін оқытудың тиімділігін арттыру жұмысы туралы» ақпараты назарға алынсын (қоса беріледі).

2. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Алматы қалалық ұйымы» ҚБ басшылық органдарына:

- кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге сметаның шығыс бөлігінің жыл сайын кемінде 10%-ын бағыттау;

- кәсіподақ кадрлары мен активін оқытудың тиімділігіне тұрақты мониторинг және бағалауды ұйымдастыру;

- оқытудың белсенді қатысушыларын ынталандыру және көтермелеу жүйесін әзірлеу ұсынылсын.

3. **2025 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі** мерзімде Кәсіподақтың Орталық комитетінің Аппаратына кәсіподақтық оқыту жұмысын ұйымдастыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпарат ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева